

## «ТҮЛЕК – 2024» БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

«Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн» факультеті «Түлек-2024» бос орындар жәрмеңкесін өткізді, ол 2024 жылғы 11 сәуірде сағат 14.00-де Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 62, мекенжайы бойынша «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ, бас ғимарат, М. А. Гандельман атындағы конференц-залында өтті.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша:

1. 6B07301 Сәулет
2. 6B02101 Дизайн
3. 6B07302 Геодезия және картография
4. 6B07304 Жерге орналастыру
5. 6B07303 Кадастр





Бұл іс-шараның мақсаты университет түлектерінің жұмыс берушілермен кездесуін ұйымдастыру, оларды одан әрі жұмысқа орналастыру мәселесін шешу болды.

Өндіріс өкілдеріне С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры . Абишева Р.Д. және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті «Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн» факультетінің деканы Толеубекова Ж. З. құттықтау сөз сөйледі.


2024 жылы факультет бойынша түлектердің жалпы саны 569 адамды құрайды, оның ішінде: бакалавриат 543 студент, магистратура 20, докторантура 6.


Аталған іс-шараға біздің түлектерімізді жұмысқа орналастыру жөніндегі стратегиялық әріптестеріміз: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті және «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және оның өңірлердегі филиалдары, сондай-ақ еліміздің экономикасының түрлі салаларын ұсынған 25-тен астам шақырылған жұмыс берушілер қатысты:

1. Геодезия және картография бағыты бойынша келесі жұмыс берушілер шақырылып, қатысты:

-  «Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы» РМҚ,
-  «Leica Geosystems Kazakhstan» ЖШС,
-  «Kazaerospace» ЖШС,
-  «БакытГидро» ЖШС.

2. Жерге орналастыру және кадастр бағыты бойынша келесі жұмыс берушілер қатысты:

 Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті,

 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті,

✚ «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы»  
КЕАҚ және оның өңірлер бойынша филиалдары,  
✚ «Geoservice Company» ЖШС,  
✚ «Qaz Beder project»,  
✚ «ZEMPROekt» ЖШС,  
✚ «Активтерді бағалау орталығы» ЖШС,  
✚ «BAG stroy» ЖШС.

3. Сәулет және дизайн саласында жұмыс берушілер:

✚ «SND Engineering» сәулет компаниясы,  
✚ «Сапалы технология» ЖШС жобалау ұйымы,  
✚ Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай көпсалалы  
колледжі» КМҚК,  
✚ «Экопроект» ЖШС,  
✚ «SANDYBAY» ЖШС,  
✚ «PGS» ЖШС,  
✚ «3D HOUSE» жеке кәсіпкерлігі сияқты ұйымдарды ұсынды.

Сондай-ақ, бос орындар жәрменкесіне Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек ұтқырлығы орталығының» мамандары қатысып, «Бірінші жұмыс орны» және «Жастар практикасы» бағдарламалары бойынша жұмысқа орналасу ерекшеліктері туралы айтып, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасын таныстырды.



Жұмыс берушілерді тіркеу



М.А. Гендельман атындағы конференц-зал



УЗРАИД факультеті деканының құттықтау сөзі





Жұмыс берушілердің сөз сөйлеуі



Еңбек ұтқырлығы орталығы



Фотосессия